

**«Мемлекеттік әлеуметтік  
сақтандыру қоры»  
акционерлік қоғамының**

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігі  
және  
**Тәуелсіз аудитор есебі**

**Мазмұны**

Тәуелсіз аудитор есебі  
 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қаржылық есептілікті дайындауына және бекітуіне  
 басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме  
 Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік  
 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» ақ активтері мен пассивтері бойынша есеп ..... 1  
 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының активтерінің түсуі және  
 пайдаланылуы туралы есеп ..... 3  
 1. Жалпы ақпарат ..... 5  
 2. Есеп саясатының негізгі принциптері ..... 6  
 3. Өзгерістері басқа да жиынтық кірістер арқылы көрінетін әділетті құн бойынша бағаланатын  
 бағалы қағаздар ..... 10  
 4. Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар ..... 10  
 5. «Кері репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек ..... 10  
 Қаржы құралдарының түрлері бойынша «мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік  
 қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп ..... 11



«НАК «Центраудит-Казakhstan» ЖШС

Директор

Аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы МФО № 0000017, 1999 жылдың 27 желтоқсанында берілген)

В. В. Радостовец

2026 жылғы 6 ақпан

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Акционерге және директорлар Кеңесіне

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

### *Пікір*

Біз «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-тың (бұдан әрі – Қор) арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік, оның құрамына Қордың активтері мен пассивтері бойынша есеп, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының түрлері бойынша Қор активтерінің инвестициялық қоржынының құрылымы туралы есеп, және аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі Қор активтерінің түсуі мен пайдаланылуы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясаты туралы елеулі ақпаратты қоса алғанда, арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке арналған ескертпелер кіреді.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептіліктің тізбесін, нысандарын ұсыну мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 158 Бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес барлық елеулі аспектілерде дайындалған.

### *Пікірді білдіру негізі*

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Арнаулы мақсаттағы қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіз стандарттарды қосқанда) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындады. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және дұрыс деп есептейміз.

### *Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігіне Қор басшылығы мен корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі*

Қор басшылығы Бұйрыққа сәйкес арнайы мақсаттағы көрсетілген қаржылық есептілікті дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау үшін жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалауларсыз қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды қоспағанда, Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады. оның қызметін жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты баламасы жоқ.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Қордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

### *Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі*

Біздің мақсатымыз, өз пікірімізді білдірген аудиторлық есепті шығару барысында арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер мен қате жіберу салдарынан елеулі бұрмалаулар мен алаяқтықтың жоқтығына сенімді болу. Ақылға қонымды сенімділік сенімнің жоғары деңгейі болып табылады, бірақ ХАС-қа сәйкес өткізілген аудиторлық тексеріс кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау орын алған кезде оны міндетті түрде табудың кепілі болып табылмайды. Бұрмалаулар жосықсыз әрекеттер мен қате жіберудің нәтижесі болуы мүмкін және осы орайда олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде жасалған



каржылық есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал ете алады деген болжау болған жағдайда ғана елеулі болып табылады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит бөлігі ретінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді ұстанамыз. Сондай-ақ, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- Жосықсыз іс-әрекеттер немесе қате жіберу салдары нәтижесінде қаржы есептілігіндегі елеулі бұрмалануларды анықтаймыз және тәуекелін бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық шараларды кеңейтеміз және қолданамыз. Өз пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылатын жеткілікті түрде аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер негізінде жасалған қателіктердің тәуекелі, елеулі бұрмалау нәтижесінде қателерге қарағанда қаупі жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық жасау, бұрмаланған ақпаратты ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту іс-әрекеті нәтижесінде туындауы мүмкін.
- Аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудитке қатысты ішкі бақылау түсінігін аламыз, бірақ Қордың ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес.
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаудың негізділігін және басшылық дайындаған ақпаратты тиісті түрде ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы қолданудың заңдылығы туралы алынған аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне туындауы айтарлықтай күмән әкелуі мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға қатысты елеулі белгісіздіктерді қорытындылаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, өзіміздің аудиторлық есепте біз қаржылық есептілікте тиісті ақпаратты ашып, назар аударуымыз керек, сондай-ақ осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, онда өзіміздің пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің пікірлеріміз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз өз қызметін жалғастыру қабілетін жоғалту фактісіне әкелуі мүмкін.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

#### **Өзге де мәліметтер**

Компанияның 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылдың 14 ақпанында осы есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікір білдірген басқа аудитор жүргізді.

Аудитор

(аудитордың біліктілік куәлігінің № 0000801, 2019 жылдың 20 мамырында берілген.)

Қазақстан Республикасы,  
050059, Алматы қ., «Нұрлы Тау» орталығы к.,  
Әл-Фараби даңғылы, 19, 1 «Б» павильоны,  
3 қабат, 301, 302 кенсе



Рубанов



**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУЫНА ЖӘНЕ БЕКІТУІНЕ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ**

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) басшылығы «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №158 Бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындауға және шынайы ұсынуға жауапты.

Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесіге жауапты:

- дұрыс таңдауды қамтамасыз ету және есеп саясатының ұстанымдарын қолдану;
- ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың өзектілігін, сенімділігін, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- бұйрық талаптарын орындау пайдаланушылардың белгілі бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Қор қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу;
- Қордың жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар жауапты:

- Қордың барлық бөлімшелерінде тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдауға;
- Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Қордың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдіктегі ақпаратты беруге және қаржылық есептіліктің ҚЕХС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепке алуды жүргізуге;
- Бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды мүмкін болатын шараларды қабылдауға; және
- алаяқтық және басқа да бұзушылықтар фактілерін анықтау және алдын алуға.

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке Қор Басшылығы 2026 жылдың 6 ақпанында қол қойды.

Қор басшылығының атынан:



А. М. Курманов  
Басқарма Төрағасы



Г.С. Қағазбаева  
Бас бухгалтер



Әкімшілік деректерді жинауға арналған  
Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы

№ 158 бұйрығына  
2-қосымша

Ұсынылатын жері: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне  
Әкімшілік деректер нысаны интернет – ресурста орналастырылған:  
<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/68736?lang=ru>  
Әкімшілік деректер нысанының атауы:

**«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ  
АКТИВТЕРІ МЕН ПАССИВТЕРІ БОЙЫНША ЕСЕП**

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): № 1-ф нысан  
Есепті кезең: 2025 жыл  
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы

№1-ф нысаны

(мың. теңге)			
№	Баптардың атауы	Есепті кезеңнің басына (01.01.2025 ж.)	Есепті кезеңнің соңына (31.12.2025 ж.)
1	2	3	4
	<b>Активтер</b>		
1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттардағы ақша	129,855,713	34,113,917
2	Орналастырылған салымдар	1,400,554	80,838,156
3	Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		
4	Өзгерісі өзге де жиынтық табыс арқылы көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	810,827,907	789,547,137
5	Амортизациялық құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар	126,009,621	128,000,213
6	«Кері репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек		100,101,778
7	Басқа активтер		9,894
8	<b>Активтердің жиыны</b>	<b>1,068,093,795</b>	<b>1,132,611,095</b>
	<b>Пассивтер</b>		
9	<b>Әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемелер барлығы, оның ішінде:</b>		
	еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына асыраушысынан айырылу жағдайына жұмысынан айырылу жағдайына		
	жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайына		
	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына		
10	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының активтерінен есептелген комиссиялық сыйақы бойынша кредиторлық берешек	439,008	
11	<b>Басқа міндеттемелер</b>		
12	<b>Барлық провизиялар, оның ішінде:</b>	<b>1,134,498,047</b>	<b>1,239,257,545</b>
	еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына	474,514,690	562,595,518
	асыраушысынан айырылу жағдайына	334,539,193	391,809,908
	жұмысынан айырылу жағдайына	23,296,877	30,473,218



8

«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ  
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК.

	жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайына		
	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына	302,147,287	254,378,901
13	<b>Резервтер</b>	(81,986,593)	(43,383,288)
14	<b>Қаржы құралдарын қайта бағалау резервтері</b>	(98,306,472)	(187,188,917)
15	<b>Резервтің ең аз талап етілетін мөлшері</b>	<b>113,449,805</b>	<b>123,925,755</b>
16	<b>Пассивтер жиыны</b>	<b>1,068,093,795</b>	<b>1,132,611,095</b>

Қор басшылығының атынан:



А. М. Курманов  
Басқарма Төрағасы



Г.С. Кагазбаева  
Бас бухгалтер



Әкімшілік деректерді жинауға арналған  
Қазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы

№ 158 бұйрығына  
3-қосымша

Ұсынылатын жері: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне  
Әкімшілік деректер нысаны интернет – ресурста орналастырылған:  
<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/68736?lang=ru>  
Әкімшілік деректер нысанының атауы:

**«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
АКТИВТЕРІНІҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): № 2-ф  
Есепті кезең: 2025 жыл  
Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ

№2-ф нысаны

			(мың. теңге)
№	Баптардың атауы	мың. тенге	
1	А	2	3
1	<b>Жыл басындағы активтер*</b>		<b>129,855,713</b>
2	<b>Активтердің түсуі</b>		<b>1,079,430,146</b>
	оның ішінде:		
2.1	әлеуметтік аударымдар		957,831,360
2.2	әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдар		2,067,295
2.3	инвестициялық кіріс		118,295,499
2.4	әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару		1,230,661
2.5	басқа түсімдер		5,331
3	<b>Есептен шығуы</b>		<b>1,175,171,942</b>
	оның ішінде:		
3.1	Әлеуметтік төлемдер, барлығы:		921,146,448
	Оның ішінде:		
3.1.1	еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына		52,408,238
3.1.2	асыраушысынан айырылу жағдайына		38,521,244
3.1.3	жұмысынан айырылу жағдайына		132,114,960
3.1.4	жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайына		274,167,707
3.1.5	бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына		423,934,299
3.1.6	ҚР заңнамасына сәйкес басқа да төлемдер		
3.2	Әлеуметтік аударымдардың артық (кәте) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды, сондай-ақ кәте есептелген өзге де қаражатты қайтару		4,264,332
3.3	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының қызметін қамтамасыз етуге аударылған комиссиялық сыйақы		6,564,289
3.4	Қаржы құралдарымен жасалатын операциялардың таза нәтижесі		243,196,873



«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ  
2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК.

3.5		Басқа істен шығулар	
4	<b>Жыл соңындағы активтер (1-бет+2-бет-3-бет)</b>		<b>34,113,917</b>
5		Әлеуметтік төлемдер бойынша ағымдағы міндеттемелерді орындау және инвестицияланбайтын қалдықты сақтау мақсатында активтердің қозғалысы:	
5.1		Сенімгерлік басқарудан алу	117,000,000
5.2		Сенімгерлік басқаруға ауыстыру	241,937,392

\* Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттардағы ақша

Қор басшылығының атынан:



А. М. Курманов

Басқарма Төрағасы



Г.С. Кагазбаева

Бас бухгалтер



## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) жарғылық капиталына мемлекеттің 100% қатысуымен «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы № 237 қаулысына сәйкес құрылды. Қордың қатысушысы «ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қордың мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Қор Астана қаласының Әділет департаментінде заңды тұлға ретінде 2004 жылғы 20 сәуірде тіркелген, куәлік № 16157-1901-АҚ.

Қордың заңды мекенжайы және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Достық көшесі, 18.

Қордың Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар қалаларында және облыс орталықтарында филиалдары бар.

Қор келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- әлеуметтік аударымдарды шоғырландыру;
- әлеуметтік аударымдарды, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды, артық (кате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды, сондай-ақ инвестициялық кірістерді есепке алуды жүргізеді;
- Кодексте көзделген тәртіппен әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуді (айқындауды), оларды тағайындауды, жүзеге асыруды, тоқтата тұруды, қайта есептеуді, қайта бастауды, тоқтатуды және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауды;
- әлеуметтік төлемдердің есебін және әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қайтаруды жүргізеді;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық және түсіндіру жұмысын жүргізуді;
- міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйені құру және дамыту.

Қор «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Қазақстан Республикасының кодексіне (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) сәйкес әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды жүзеге асырады.

Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Әлеуметтік кодекске сақтандыру туралы заңға және 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен (бұдан әрі – ҚР ҰБ) жасалған Қор активтерін сенімгерлік басқару туралы шартқа (бұдан әрі – сенімгерлік басқару шарты) сәйкес Қор активтерін сенімгерлік басқаруды ҚР ҰБ жүзеге асырады.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 сәуірдегі № 473 қаулысына сәйкес сенімгерлік басқаруды ҚР ҰБ жүзеге асырады. 2025 жылы әлеуметтік аударымдарды жұмыс беруші әрбір жұмыскер үшін заңнамада белгіленген лимит шегінде жұмыскер табысының 5% (2024 ж. – 3.5%) мөлшерінде жүзеге асырады.

Әлеуметтік кодексте айқындалған жағдайлар туындаған жағдайда, әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде әлеуметтік төлемдер алуға құқылы.

Қор өз қызметін түскен әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік аударымдарды кешіктіріп және (немесе) толық емес төлегені үшін өсімпұлдардан және инвестициялық кірістен алынатын комиссиялық сыйақы есебінен жүзеге асырады.

Қордың меншікті қаражаты Қордың жарғылық капиталы мен комиссиялық сыйақыдан қалыптасады және тұрады.

Қордың осы қаржылық есептілігіне Қор Басшылығы 2026 жылдың 6 ақпанында қол қойды.



## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

### **Сәйкестік туралы есеп**

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну тізбесін, нысандарын, мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы №158 Бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес дайындалды.

Бұйрыққа сәйкес Қор келесі есеп беру нысандарын ұсынады:

- «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының активтері мен міндеттемелері бойынша есеп (№1-ф нысан);
- «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы активтерінің түсуі және пайдаланылуы туралы есеп (№2-ф нысан);
- Қаржы құралдарының түрлері бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп (№3-фи нысан).

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік төменде түсіндірілгендей, әрбір есепті күнге Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес нарықтық құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздарды қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалған.

### **Есептілікті ұсыну валютасы**

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау валютасы болып қазақстандық теңге (бұдан әрі – теңге) табылады.

### **Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу**

#### ***Қордың активтері***

Қордың активтері Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны, әлеуметтік төлемдер мен қайтаруға бағытталған қаражатты шегергенде, әлеуметтік аударымдарды, инвестициялық кірісті, әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын және Қорға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де түсімдерді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды әлеуметтік аударымдар, өсімпұлдар есебінен қалыптастырылады әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдардың артық (кате) төленген сомалары.

Әлеуметтік кодекске сәйкес активтерді инвестициялау нәтижесінде алынған (алынуға жататын) табыс Қордың активтерін сатып алуға жіберіледі.

#### ***Әлеуметтік аударымдар***

Әлеуметтік аударымдарды төлеушілер ай сайын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы ҚР ҰБ-да ашылған Қордың ағымдағы шотына аударымдар жүргізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыруға қатысушылардың тізімін қоса бере отырып, өздерінің банктік шоттарынан қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен әлеуметтік аударымдарды төлейді. ҚР ҰБ күн сайын Қорға әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдардың түсімдері және алушыларға төленген төлемдер туралы ағымдағы шоттан үзінді көшірме ұсынады.

#### ***Әлеуметтік төлемдер***

Әлеуметтік төлемдерді Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік тәуекел жағдайлары туындаған кезде түпкілікті алушыларға әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін Қор қабылдаған шешімдердің негізінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы аударылады.

#### ***Комиссиялық сыйақы***

Қор шекті шамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін пайыздық мөлшерлеме мөлшерінде Қор активтерінен (түскен әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік аударымдарды уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл, кате аударылған әлеуметтік аударымдарды қайтаруды шегергендегі инвестициялық кіріс) комиссиялық сыйақы алады.



### **Қаржы құралдары**

Қор инвестициялық қызметті Қор мен ҚР ҰБ арасында жасалған сенімгерлік басқару шарты негізінде ҚР ҰБ арқылы Қор активтерін қаржы құралдарына орналастыру арқылы жүзеге асырады.

Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды ҚР ҰБ экономикалық саясат жөніндегі Кеңес мақұлдаған инвестициялық декларация негізінде жүзеге асырады.

Қор портфеліндегі бағалы қағаздар мынадай санаттар бойынша жіктеледі:

- әділ құн бойынша бағаланатын, өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін бағалы қағаздар-бұл дилердің бағасының немесе маржасының ауытқуы нәтижесінде кіріс алу мақсатында сатып алынған қаржы құралдары;
- амортизациялық құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар-бұл қор өтеу мерзіміне дейін иеленуге ниетті және қабілетті, белгіленген немесе анықталатын төлемдері және белгіленген өтеу мерзімі бар қаржы құралдары;
- өзгерісі басқа жиынтық табыс арқылы көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар – бұл әділ құн бойынша бағаланатын, өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары немесе амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары болып табылмайтын қаржы құралдары.

«Әділ құн бойынша бағаланатын, өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін бағалы қағаздар» және «өзгерісі өзге жиынтық табыс арқылы көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар» санаттарына кіретін бағалы қағаздар есепті күнге ай сайын және бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес нарықтық құн бойынша өткізген кезде бағаланады олардың тізіміне кіретін Қазақстан қор биржасының қағаздары. Осы қаржы құралдарын қайта бағалау нәтижесі көрсетіледі:

- «өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар» санаты бойынша – Қордың активтері мен пассивтері бойынша есептің «резервтері» бабы бойынша;
- «әділ құн бойынша бағаланатын, өзгерісі өзге жиынтық табыс арқылы көрсетілетін бағалы қағаздар» санаты бойынша – «қаржы құралдарын қайта бағалау резервтері» бабы бойынша.

«Амортизациялық құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар» санатына кіретін бағалы қағаздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады. Пайда немесе шығын активті тану немесе оны өзгерту тоқтатылған жағдайда Қордың активтері мен міндеттемелері бойынша есептің «резервтері» бабы бойынша көрсетіледі.

### **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттардағы ақша**

Активтер мен міндеттемелер бойынша есептегі ҚР ҰБ шоттарындағы ақша құрамына банктердегі ақшалай қаражат, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын мерзімдік банктік салымдар кіреді.

### **Салымдар**

Активтер мен міндеттемелер туралы есептегі қысқа мерзімді банктік салымдардың бастапқы өтеу мерзімі үш айдан бір жылға дейін болады және басқа қысқа мерзімді қаржылық активтер ретінде есепке алынады.

### **Провизиялар**

Қор провизияларды есептеуді Қордың Директорлар Кеңесінің 2023 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен бекітілген Провизияларды есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырады. Провизиялар еңбек ету қабілеттілігінен айырылған, асыраушысынан айырылған, жұмысынан айырылған, бір жарым жасқа толғанға дейінгі балаға (балаларға) күтім жасауға байланысты кірісінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алушы әрбір тұлға үшін бөлек есептеледі. Қордың провизиялары Қордан алушыларға болашақ әлеуметтік төлемдердің келтірілген құны ретінде айқындалады.

Әлеуметтік кодекске сәйкес әлеуметтік тәуекел жағдайы басталғанға дейін Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген және оған қатысты Қор әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда қайтыс болған адамның отбасы мүшелері (сот хабар - ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) әлеуметтік төлем алушы болып табылады оның асырауында болған асыраушы.

Қордың провизияларының жалпы сомасы барлық әлеуметтік төлемдерді алушылар бойынша провизиялар сомасы ретінде айқындалады.

### **Еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер**

Еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша провизияларды есептеу мүгедектердің өлімі, дисконттау мөлшерлемесі, әлеуметтік төлемдерді алудың болашақ мерзімі туралы болжамдар негізінде айқындалатын алушылардың болашақ әлеуметтік төлемдерінің ағымдағы құнының факторын пайдалану арқылы жүргізіледі.



13

**«МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ**  
**2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ**  
**ЕСКЕРТПЕЛЕР (мың теңгемен)**

Провизияны есептеу кезінде Қор төменде көрсетілген халық өлімінің кестесін пайдаланады:

Жасы	Ерлер	Әйелдер	Жасы	Ерлер	Әйелдер
0	0.023210000	0.015890000	56	0.027586949	0.011156636
1	0.001789000	0.001547611	57	0.029555833	0.012109167
2	0.001600833	0.001361944	58	0.031577247	0.013113624
3	0.001434827	0.001196784	59	0.033691740	0.014189029
4	0.001234980	0.000998331	60	0.035952193	0.015358927
5	0.001000000	0.001000000	61	0.038411487	0.016646864
6	0.001024053	0.000789624	62	0.041122500	0.018076389
7	0.000660000	0.000433611	63	0.044120009	0.019671820
8	0.000548113	0.000327187	64	0.047366371	0.021460571
9	0.000490507	0.000271482	65	0.050805840	0.023470829
10	0.000484260	0.000258351	66	0.054382669	0.025730780
11	0.000526453	0.000279647	67	0.058041111	0.028268611
12	0.000614167	0.000327222	68	0.061738980	0.031105631
13	0.000745009	0.000393651	69	0.065488329	0.034235638
14	0.000918704	0.000474387	70	0.069314771	0.037645551
15	0.001135507	0.000565602	71	0.073243920	0.041322291
16	0.001395669	0.000663471	72	0.077301389	0.045252778
17	0.001699444	0.000764167	73	0.081548200	0.049446791
18	0.002044162	0.000864064	74	0.086187011	0.054005551
19	0.002415453	0.000960349	75	0.091455889	0.059053138
20	0.002796024	0.001050407	76	0.097592900	0.064713631
21	0.003168582	0.001131624	77	0.104836111	0.071111111
22	0.003515833	0.001201389	78	0.113405354	0.078402301
23	0.003824018	0.001258318	79	0.123447524	0.086874494
24	0.004093509	0.001305953	80	0.135091281	0.096847629
25	0.004328213	0.001349069	81	0.148468584	0.108641643
26	0.004532038	0.001392438	82	0.163698194	0.122576472
27	0.004708889	0.001440833	83	0.180783728	0.138769548
28	0.004864611	0.001498144	84	0.199175830	0.156528272
29	0.005012800	0.001564722	85	0.218193503	0.174957538
30	0.005168989	0.001640033	86	0.237155749	0.193162241
31	0.005348711	0.001723544	87	0.255381569	0.210247275
32	0.005567500	0.001814722	88	0.272389489	0.225569116
33	0.005837373	0.001913456	89	0.288496123	0.239490562
34	0.006156287	0.002021322	90	0.304217607	0.252625992
35	0.006518680	0.002140322	91	0.320070080	0.265589785
36	0.006918993	0.002272456	92	0.336569679	0.278996319
37	0.007351667	0.002419722	93	0.354147550	0.293355290
38	0.007813480	0.002584062	94	0.372894871	0.308757664
39	0.008310573	0.002767176	95	0.392817830	0.325189723
40	0.008851427	0.002970702	96	0.413922616	0.342637747
41	0.009444520	0.003196282	97	0.436215416	0.361088020
42	0.010098333	0.003445556	98	0.459704105	0.380493086
43	0.010819651	0.003720418	99	0.484403305	0.400670549
44	0.011608476	0.004023787	100	0.510329326	0.421404275
45	0.012463113	0.004358836	101	0.537498476	0.442478130
46	0.013381871	0.004728738	102	0.565927066	0.463675982
47	0.014363056	0.005136667	103	0.595800347	0.485342538
48	0.015408087	0.005586076	104	0.627979351	0.510065882
49	0.016530838	0.006081538	105	0.663494048	0.540994938
50	0.017748296	0.006627907	106	0.703374414	0.581278631
51	0.019077447	0.007230036	107	0.748640421	0.634065886
52	0.020535278	0.007892778	108	0.824491246	0.738056470
53	0.022132429	0.008619576	109	0.908015003	0.859102130
54	0.023854153	0.009408227	110	1.000000000	1.000000000
55	0.025679358	0.010255118			

Қор мүгедек зейнеткерлік жасқа дейін мүгедектіктің белгіленген дәрежесін сақтайды деп болжайды.

Еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерге құқығы бар алушының алдындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша провизиялар:

$$EQA = 12 * (B_{EQA}) * a_{x:n|j}^{(12)}$$



Мұндағы:  $x$  – алушының жасы,  $i$  – дисконттау мөлшерлемесі,  $r$  – әлеуметтік төлемдердің өсу қарқыны,  $n$  – әлеуметтік төлемдер аяқталғанға дейінгі жылдар саны (зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін),  $j = \frac{(i-r)}{(1+r)}$  – аннуитеттерді есептеу үшін тиімді жылдық мөлшерлеме,  $a_{x:n|j}^{(12)} = a_{x:n|j} + \frac{11}{24} * (1 - v^n * p_x)$  – аннуитет, кезеңнің соңында  $n$  жыл бойы 1/12 тенге көлемінде ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру,  $a_{x:n|j} = \sum_{k=1}^n v^k * p_x$  –  $n$  жыл бойы әр жылдың соңында 1 тенге төлейтін аннуитет,  $v = \frac{1}{(1+j)}$ ,  ${}_k p_x$  –  $x$  жастағы адамның  $x+k$  жасқа дейін өмір сүру ықтималдығы.

#### *Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер*

